



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 1 тамыз

Банктерге коллекторлық агенттіктер берешекпен жұмыс істеу кезеңінде есептелген қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің төленуін талап етуге тыйым салынады

Соңғы жылдары Қазақстанда қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізілді, қаржылық қызметтерді жеткізушілер мен тұтынушылар арасындағы шарттық сәйкессіздікті айтарлықтай қысқартуға және қаржы институттары мен олардың клиенттері арасындағы диалогты жеңілдетуге мүмкіндік берілді.

Ұлттық Банк ұдайы жүргізген қаржы нарығындағы ахуалға талдау және жүйелік сипаттағы өтініштердің себептері заңнамалық деңгейде реттеуді талап ететін мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ұлттық Банктің бастамасы бойынша 2006 жылдан бастап банктер клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейтуге бағытталған 20-дан астам заңнамалық норма қабылданды.

2015 жылы кеңес дәуірінен кейінгі кеңістік елдерінің аумағында қарыз алушылардың борыштық жүктемесін төмендетуге, қарыз алушылар міндеттемелерінің болашақта сыртқы факторларға тәуелділігін болдырмауға, банк қызметтерінің айқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған теңдесі жоқ заңнамалық түзетулердің үлкен бөлігі қабылданды.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында:

- шетел валютасымен кірісі жоқ жеке тұлғаға осы валютамен ипотекалық қарыз беруге тыйым салу;

- ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша міндеттеме мерзімі 180 күннен кешіктірілгеннен кейін есептелген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын талап етуге тыйым салу;

- ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша сыйақы мен негізгі борышқа тұрақсыздық айыбын капиталдандыруға (жинақтауға) тыйым салу;

- ипотекалық шарт жасаған сәтте негізгі міндеттемені толық қамтамасыз ететін және сот тәртібімен сатылатын кепіл сатылған кезде ипотекалық қарыз шарты бойынша борышкердің өзге мүлкінен борыш өндіріп алуға тыйым салу;

- мерзімі 90 күннен астам кешіктірілген (90 күн өткеннен кейін: мерзімі кешіктірілген сомадан күніне 0,03%) қарыз бойынша артық тұрақсыздық айыбын (айыппұл және өсімпұл) есептеуге шек қою көзделген. Норма кері күшке ие, яғни 01.07.2016 жылдан кейін есептелген өсімпұл болған кезде ол жаңа талаптарға сәйкес қайта есептелетін болады, бұл қарыз алушының тұрақсыздық айыбы бойынша күнделікті төлемін 10 еседен астамға төмендетеді.

- қарыз алушының ақша жеткіліксіз болған кезде мерзімі өткен негізгі борышты және сыйақыны бірінші кезекте өтеу құқығы және ол ұзақ уақыт бойы төлем жасауға қабілетсіз болған кезде тұрақсыздық айыбы мен айыппұлды ең соңғы кезекте өтеу құқығы;

- жеке кредиттерді қарыз алушы тарапынан қандайда бір қосымша комиссияларсыз және төлемдерсіз, белгіленген мөлшерлеме бойынша беруге қойылатын талаптар;

- қарыз алушыға хабарлаған кезде қарыз алушы үшін заңда көзделген жақсарту жағдайларын қоспағанда, банктік қарыз шартының талаптарын бір жақты тәртіппен өзгертуге тыйым салу;

- қарыз алушы жеке тұлғаның шотындағы және/немесе шотына түсетін соманың 50%-нан аспайтын ақшаны оның шотынан өндіріп алуға тыйым салу көзделген.

2017 жылы коллекторлық қызметті реттеуге байланысты үлкен түзетулер тобы қабылданды. Жаңалықтар берешекті өндіріп алу және коллекторлардың борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілеудің сотқа дейінгі тәртібі бойынша ашық құқықтық алаң құруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, 2017 жылғы 1 қазаннан бастап банктердің 2017 жылғы 1 қазанға дейін жасалған банктік қарыз шарттарын орындамау және (немесе) тиісінше орындамау жөніндегі қарыз алушыларға қойылатын талаптары бойынша талап қою мерзімі (бес жылды құрайды) енгізілді.

2018 жылғы 16 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қолданысқа енгізілді, онда қарыз алушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған мынадай нормалар көзделген:

- банктерге берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болуы кезеңінде қарызды берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге тыйым салынған;

- қарыз бойынша міндеттемелерді орындау үшін төлем жеткіліксіз болған кезде негізгі борышты өтеу басымдығын сақтау мақсатында қарызды берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер алтыншы кезекке жатқызылды (01.01.2019 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі);

- проблемалық ипотекалық қарыз алушыларды қосымша қолдау мақсатында банктерге бұдан бұрын ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша кепіл ретінде болған және кейіннен банктің меншігіне өткен тұрғын үй-жайды мүліктік жалдау (жалға беру) шарты негізінде жалға беру құқығы берілді (Қайта қаржыландыру бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Ұлттық Банк Әділет министрлігімен біресе отырып «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту және төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шегінде кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында қарыз алушының талабы бойынша осы мақсатта жеке банктік шот ашылған жағдайда, банктерге банктік қарыз шарттары бойынша баларды қамтамасыз ету үшін арналған алимент төлемдеріне өндіріп алуды салуға тыйымды белгілеуге қосымша бастама жасады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:
+7 (727) 704 585
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz